

## Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 22 ақпандағы № 328 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 23 ақпанда № 9784 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне "Аэропорт терминалына электрмен жабдықтау желілерінің құрылысы" объектісі бойынша инженерлік желілер мен тораптарды жүргізу мен пайдалану мақсатында Қостанай қаласының Аэропорт шағын ауданында орналасқан жалпы алаңы 0,4344 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*К. Ахметов*